



Түркі мемлекеттері ұйымының XII саммиті Әзербайжанның Габала қаласында өтеді

Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) Мемлекет басшылары кеңесінің 12-ші саммиті 2025 жылғы 7 қазан күндері Әзербайжан Республикасының Габала қаласында «Өңірлік бейбітшілік пен қауіпсіздік» тақырыбымен өтеді.

Саммит аясында ТМҰ-ға мүше мемлекеттер мен байқаушы елдердің мәртебелі Мемлекет және Үкімет басшылары мен олардың делегациялары бас қосып, өңірлік және халықаралық өзекті мәселелерді талқылайды, ынтымақтастықты нығайту жолдарын қарастырады және Түркі әлеміндегі бірлік, бейбітшілік пен өркендеуді ілгерілетуге бағытталған маңызды құжаттарды қабылдайды.

Ресми бағдарламаның бір бөлігі ретінде Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына дейін ТМҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің мәжілісі өткізіледі.

Әзербайжанның тарихи Габала қаласында өтетін бұл маңызды басқосу — өткен мен бүгіннің тоғысқан нүктесін білдіретін ерекше оқиға болмақ. Сонымен қатар, ол Түркі мемлекеттері арасындағы достықты, бауырластықты, ынтымақ пен серіктестікті одан әрі тереңдетуге бағытталған ТМҰ-ның ортақ көзқарасын айқын көрсетеді.